

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 20 шілдеде N 693 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі достық қатынастарды дамыту және нығайту ниетін негізге ала отырып, сыртқы шекаралар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ықпалдасу процестерін жолға қоюға және тереңдетуге ұмтыла отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын сенімді күзету үшін шекара әскерлерінің кәсіби даярланған әскери кадрларының ш е ш у ш і м ә н і н ұ ғ ы н а о т ы р ы п ,

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекара әскерлері үшін әскери кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттырудағы ынтымақтастық туралы келісімнің 1-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегі туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Тарабы Тәжікстан Тарабының Шекара әскерлерінің әскери қызметшілерін мына: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 103 мекен-жайында орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтына (бұдан әрі -- ҰҚК Әскери институты) ҰҚК төрағасы бекіткен штат саны лимитінің және ҰҚК Әскери институтын ұстауға бөлінген қаражаттың

шегінде шарттасқан санда Тараптар жыл сайын келісетін мамандықтар бойынша және мерзімге оқуға қабылдайды. Келісу нәтижелері келісім-шарттармен ресімделеді.

2-бап

Тараптардың осы Келісімнің орындалуы үшін жауапты өкілетті органдары: Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті; Тәжікстан Тарапынан - Тәжікстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған өкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етілетін болады.

3-бап

Әскери қызметшілерді оқуға қабылдау Тәжікстан Тарабының жыл сайынғы жазбаша өтінімдеріне, Қазақстан Тарабының ұсынымдары мен мүмкіндіктеріне сәйкес жүргізіледі. Өтінімдер оқу басталғанға дейінгі 6 айдан кешіктірілмей жіберіледі. Өтінімдерде оқыту мамандығы және әр мамандық бойынша жеке үміткерлер саны, оқуға үміткерлердің жалпы білім деңгейі көрсетіледі.

Тәжікстан Тарабы ҰҚК Әскери институтында оқуға үміткерлерді іріктеуді жыл сайын Қазақстан Тарабы бекітетін квотаға сәйкес жүзеге асырады. Оқуға түсетін жылы жасы 17-ден 23-ке дейінгі үміткерлердің толық орта білімі болуға тиіс.

4-бап

Тәжікстан Тарабы белгіленген тәртіппен кәсіби іріктеуді, медициналық куәландыруды, Тәжікстан Тарабы белгілеген бағдарлама бойынша қабылдау емтихандарын өткізуді жүзеге асырады және әскери қызметшілерді ҰҚК Әскери институтына оқуға алдын ала белгіленген мерзімде жібереді. Кәсіби іріктеуге (емтихандарға) Қазақстан Тарабының өкілдері қатысуы мүмкін. Үміткерлер қорытынды медициналық куәландыруды ҰҚК Әскери институтында өтеді.

Оқыту Қазақстан Республикасының жоғары әскери оқу орындарында қабылданған қолданыстағы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес орыс тілінде жүргізіледі.

5-бап

Тәжікстан Тарабы оқу басталғанға дейін 1 ай бұрын Қазақстан Тарабының мекен-жайына (орыс тілінде): әскери атағын, тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, жалпы білімін, болжанатын мамандығын көрсете отырып, әскери қызметшілер тізімінің е к і д а н а с ы н ;

оқуға үміткерлердің: кәсіби іріктеудің және медициналық куәландырудың нәтижелерін, мемлекеттік құпияға жатқызылған мәліметтерді алуға (беруге) құқығының болуы туралы қорытындыны және толық орта білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін қамтитын жеке іс қағаздарын жібереді. Оқу аяқталғаннан кейін жеке іс Тәжікстан Тарабына қайта жіберіледі.

Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілері оқуға белгіленген тәртіппен оқу жылының басталуына қарай келеді, оларда:

Тәжікстан Республикасы азаматының шетелдік паспорты;
білімі туралы, оқыған пәндері мен олар бойынша алған бағалары туралы
құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;
жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын тапсыру ведомосінен үзінді көшірме;
медициналық кітапша және 3 айдан аспаған мерзімдегі денсаулық жағдайы туралы
тексерілген медициналық қорытынды;
әскери нысандағы киімде түскен 4,5 x 3,5 мөлшеріндегі бес фотосуреті;
мемлекеттік құпияға рұқсаттың тиісті нысаны болуы қажет.
Барлық құжаттар орыс тілінде ресімделген және нотариалды куәландырылған
б о л у ғ а т и і с .

Тәжікстан Тарабы үміткерлердің белгіленген мерзімде оқуға келуін қамтамасыз
е т е д і .

Егер үміткерлер ҰҚК Әскери институтына оқуға белгіленген мерзімнен кейін 10
күн ішінде келмеген жағдайда, олар оқуға жіберілмейді.

Тәжікстан Тарабы оқуға жіберген кезде Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілері
арасынан ұлттық топтың жетекшісін тағайындайды, ол ҰҚК Әскери институтындағы
оның өкілі болып табылады.

6-бап

ҰҚК Әскери институтында оқитын Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілеріне
оқу жоспарларына сәйкес жыл сайын жазда ұзақтығы 30 тәулік кезекті демалыс және
ұзақтығы 14 тәулік қысқы каникул демалысы беріледі.

7-бап

Қазақстан Тарабы Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілерін ҰҚК Әскери
институтында: Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында уақытша
т і р к е у м е н ;

а қ ш а л а й ү л е с п е н ;

з а т т а й м ү л і к п е н ;

тұрғын үй-жайлармен (жатақханалармен);

ү ш м е з г і л д і к т а м а қ п е н ;

оқытушылар құрамымен, оқу құралдарымен, оқу-сыныптық керек-жарақтармен,
зертханалық жабдықпен, қару-жарақпен, техникамен, оқ-дәрілермен, практикалық
оқудың техникалық құралдарымен;

шығыс материалдарымен және арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына
сәйкес оқу процесіне қажетті басқа жабдықпен;

оқу процесіне қажетті кітапханаларды, оқу және спорт залдарын және басқа
үй-жайларды пайдалану құқығымен;

госпитальға жатқызуды және дәрі-дәрмектер беруді қоса алғанда, медициналық
қ ы з м е т к ө р с е т у м е н ;

оқу мақсаттары үшін көлікпен;

киім-кешекпен, сондай-ақ Қазақстан Тарабы әскери қызметшілерінің қазіргі санаттарына арналған нормалар бойынша техникамен жұмыс істеуге арналған арнайы киіммен қамтамасыз етеді.

Арнайы киім уақытша пайдалануға беріледі және оқу аяқталғаннан кейін ол алған орнына қайтарылуға тиіс.

8-бап

Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілерін ақшалай үлеспен, киім-кешекпен, тамақпен және тұрғын үй-жайлармен (жатақханамен) қамтамасыз етуді, сондай-ақ оқуға байланысты шығыстарды Қазақстандық Тарап әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша Қазақстан Тарабы жүзеге асырады.

Тәжікстан Тарабы әскери қызметшілерінің жол жүруіне, олардың багажын әскери қызметін өткеру орнынан (тұратын жерінен) оқитын жеріне дейін алып жүруге ақы төлеуді Тәжікстан Тарабы жүзеге асырады. Олардың багажын оқитын жерінен әскери қызметін өткеру орнына (тұратын жеріне) алып жүруге, кезекті каникулдық және жеке басының жағдайлары бойынша демалыстарда, Тәжікстан Республикасына тағлымдамаға (практикаға), ҰҚК Әскери институтынан шығарылған жағдайда Тәжікстан Республикасының аумағына оралу және оқу аяқталғаннан кейін қызмет орнына қайту кезінде жол жүруіне ақы төлеуді кейіннен Тәжікстан Тарабына төлеу үшін шоттар ұсына отырып, Қазақстан Тарабы жүзеге асырады.

Егер Тәжікстан Тарабына шот ұсынылғаннан кейін бір ай ішінде Қазақстандық Тараптың жеке шотына ақша қаражаты келіп түспеген жағдайда, онда Қазақстандық Тарап осы Келісімнің 7-бабының қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

9-бап

Тәжікстан Тарабы әскери қызметшісінің кінәсынан Қазақстандық Тарапты мүліктері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нақты шығындарды негізге ала отырып, Тәжікстан Тарабы оның жөндеу немесе ауыстыру құнын төлейді.

Тәжікстан Тарабы әскери қызметшісінің кінәсынан Қазақстандық Тараптың мүліктері жоғалған жағдайда, оның құнын Қазақстандық Тарап әскери қызметшілерінің тиісті санаттарына сәйкес анықталған мөлшерде Тәжікстан Тарабы өтейді.

Бұзылған мүліктерді жөндеу немесе ауыстыру құнын төлеуді, сондай-ақ жоғалған мүліктің құнын өтеуді Қазақстандық Тарап Тәжікстан Тарабы өкіліне тиісті шоттарды берген күннен бастап 2 ай ішінде Тәжікстан Тарабы жүргізеді. Шоттар Тараптардың өкілдері қол қойып, расталған актілер негізінде ресімделеді.

10-бап

ҰҚК Әскери институтында оқып жүрген Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында шетелдік азаматтар үшін көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, әскери қызметті өткеруді регламенттейтін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларын, сондай-ақ ҰҚК Әскери институтындағы ішкі тәртіпті және оқу процесін сақтауға міндетті.

ҰҚК Әскери институтында оқитын және жоғарыда аталған талаптарды бұзған, сондай-ақ Тәжікстан Тарабының шешімі бойынша кері шақырылған әскери қызметшілер ҰҚК Әскери институтынан шығарылады және Тәжікстан Республикасына жіберіледі.

11-бап

Әскери қызметшінің одан әрі оқуына кедергі келтіретін ауырып қалған кезінде ол әскери-дәрігерлік комиссияға жіберіледі. Әскери-дәрігерлік комиссия ауырған әскери қызметшінің одан әрі оқуға жарамсыздығы туралы шешім қабылдаған жағдайда ол ҰҚК Әскери институтынан шығарылады және Тәжікстан Тарабының қарамағына жіберіледі.

Тәжікстан Республикасының әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының аумағында қайтыс болған (қазаға ұшыраған) жағдайда Тәжікстан Тарабы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның мәйітін Тәжікстан Республикасына жіберуді өз есебінен қамтамасыз етеді. Қазақстан Тарабы Тәжікстан Тарабының өтініші бойынша қажетті жәрдем көрсетеді.

Қазақстан Тарабы барлық жағдайларда Тәжікстан Тарабын оқып жүрген адамның қайтыс болғаны туралы дереу хабардар етеді, ал қайтыс болу себептерін Қазақстан Тарабының құзыретті органдары анықтайтын болады.

12-бап

Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілері Тәжікстан Республикасының әскери құрамаларында және бөлімдерінде әскери тағлымдамадан өтеді. Тағлымдаманың жоспары, мерзімі және орны жұмыс тәртібімен анықталады.

Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілерін кезекті және каникулдық демалыстарға жіберу әскери тағлымдама аяқталғаннан кейін ҰҚК Әскери институтына қайта жіберілмей, бірден жүзеге асырылады.

Талап етілетін көлемде оқу бағдарламасын меңгерген, емтихан тапсырған және диплом жобасын қорғаған әскери қызметшілерге алған мамандығына сәйкес біліктілік беріледі, бекітілген үлгідегі дипломдар мен омырау белгілері тапсырылады.

ҰҚК Әскери институтында оқып жүрген Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілеріне алғашқы офицерлік атақ беру Тәжікстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Тарабының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

13-бап

Оқуды аяқтаған Тәжікстан Тарабы әскери қызметшілерінің жұмыс дәптерлері және диплом жобалары Тәжікстан Тарабының сұрауы негізінде бекітілген тәртіппен Тәжікстан Республикасына жіберіледі.

14-бап

Қазақстан Тарабы Тәжікстан Тарабының әскери қызметшілерін осы Келісімнің шеңберіндегі құпия және өте құпия ақпаратпен жұмыс істеу және оларды қолдану ережелерімен таныстырады, осы фактіні жазбаша куәландырады және бұл мәліметтерді жария етпеу туралы қолхат алады.

15-бап

Тәжікстан Тарабы Тәжікстан Республикасының ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен осы Келісімді іске асыру шеңберінде алынған құпия және жс құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді және оларға Тәжікстан Республикасының құпия және өте құпия мәліметтерін қорғау үшін қолданылатындай шараларды қолданады.

Алынған мәліметтер Қазақстандық Тараптың айдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

16-бап

Осы Келісімді іске асыру шеңберінде алынған құпия және өте құпия ақпаратты рұқсатсыз таратуға және жариялауға жол берген не өзге фе қы"мыс жасаған Тәжікстан Тарабының ҰҚК Әскери институтында оқып жатқан әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

17-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді орындау кезінде туындайтын барлық дауларды Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

18-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі басқа Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті хабарламасын алған күнінен кейін алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның негізінде жасалған келісім-шарттар Тараптар олар бойынша міндеттемелерін орындағанға дейін қолданыста болады. 2006 жылғы "___" _____ каласында қазақ, тәжік және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күріш бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін талқылау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК